

## Электр энергиясына арналған шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін пайда нормасын айқындау әдістемесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 205 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 22 мамырда № 20700 болып тіркелді.

**Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 30.06.2023 № 248 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 318) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 23.12.2024 № 483 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Электр энергиясына арналған шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін пайданың, сондай-ақ теңгерімдеуші электр энергиясына арналған шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін теңгерімдеуге тіркелген пайданың нормаларын айқындау әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 11.03.2021 № 76 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін тіркелген пайданы, сондай-ақ теңгерімдеуші электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін теңгерімдеуге тіркелген пайданы айқындау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 28 қарашадағы № 413 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16096 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2017 жылғы 27 желтоқсанда жарияланған);

2) "Электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін тіркелген пайданы, сондай-ақ теңгерімдеуші электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін теңгерімдеуге тіркелген пайданы айқындау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 28 қарашадағы № 413 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 14 желтоқсандағы № 508 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді

мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17961 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 20 желтоқсанда жарияланған).

3. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Электр энергетикасын дамыту департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен :

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бұл ретте, Әдістеменің 2-тарауының 1-параграфы 2021 жылдан бастап қолданылады.

Әдістеменің 2-тарауының 2-параграфы 2021 жылға дейін қолданылады.

*Қазақстан Республикасы Энергетика министрі*

*Н. Ногаев*

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2020 жылғы 22 мамырдағы  
№ 205 Бұйрығымен  
бекітілген

**Электр энергиясына арналған шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін пайданың, сондай-ақ теңгерімдеуші электр энергиясына арналған шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін теңгерімдеуге тіркелген пайданың нормаларын айқындау әдістемесі**

**Ескерту. Әдістеменің тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 11.03.2021 № 76 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Электр энергиясына арналған шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін пайда нормасын айқындау әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан

Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 318) тармақшасына сәйкес әзірленді және электр энергиясына шекті тарифтерді, сондай-ақ теңгерімдеу үшін үстемеақыны бекіту кезінде ескерілетін пайда нормасын айқындау тетігін анықтайды.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 23.12.2024 № 483 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Әдістеме электр энергиясын өндіруді және өткізуді жүзеге асыратын электр станцияларының тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін электр энергиясына шекті тарифтерді, сондай-ақ теңгерімдеу үшін үстемеақыларды бекіту кезінде пайда нормасының деңгейін негізді есептеу және есепке алу мүмкіндігі мақсатында қолданылады.

Бұл ретте энергия өндіруші ұйым инвестицияланған капиталға кірістілік әдісі бойынша нақты алынатын пайданың кемінде 50 (елу) пайызын негізгі активтерді жаңғыртуға, реконструкциялауға, кеңейтуге және (немесе) жаңартуға, оның ішінде электр энергиясын өндіруге арналған шығындарда ескерілмейтін тартылған кредиттер бойынша қаржыландыру жөніндегі шығыстарды жабуға жібереді.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 30.06.2023 № 248 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

3. Осы Әдістемеді мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) активтер - негізгі құралдардың объектілері (ғимараттар, құрылыстар, машиналар мен жабдық, есептеу техникасының өлшеу және реттеуші аспаптары мен құрылғылары, көлік құралдары, өндірістік және шаруашылық инвентарь мен керек-жарақ құралдары; шаруашылық ішіндегі жолдар және энергия өндіруші ұйымның негізгі құралдарының өзге де тиісті объектілері), сондай-ақ реттелетін қызметке тартылған және реттелетін активтер базасына енгізілген материалдық емес активтер (бағдарламалық қамтылым);

2) активтердің қалдық құны - жинақталған тозуды шегергендегі активтердің толық құны;

3) активтердің толық құны - құнсыздануға түзету ескерілмей, ұлттық және/немесе халықаралық бағалау стандарттарына және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес басымдылық бойынша айқындалған активтердің әділ құны;

4) жинақталған тозу - бұл табиғи және функционалдық тозу жиынтығы;

5) инвестицияланған капиталға кірістілік әдісі (RAB-реттеу) (бұдан әрі - RAB-реттеу) – электр энергетикасы саласын дамытуға инвестицияларды ынталандыруға және шығындарды басқару тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін пайда нормасын айқындау үшін қолданылатын әдіс.

РАВ-реттеу кезекті реттеу кезеңінің басында қалыптастырылады және бағаланады, ал кезеңнің кейінгі жылдарында жаңа активтерді енгізуді және қолданыстағы активтердің істен шығуын есепке алу жолымен түзетіледі;

6) құрамдастырылған өндіріс (өндіру) - жылу электр орталықтарының бу турбиналарын іріктеуден немесе оларға қарсы тұруынан алынатын электр және жылу энергиясын бірлесіп өндіру процесі;

7) реттелетін активтер базасы - инвестицияланған капиталдың кірістілік әдісін қолдана отырып, реттеудің есептік кезеңіне реттелетін тарифтерді қалыптастыру кезінде активтердің реттелетін базасына кірісті айқындау кезінде пайдаланылатын, реттелетін қызметте қолданылатын, пайдаланудағы, инвестицияланған капиталды пайдалана отырып құрылған энергия өндіруші ұйымның негізгі құралдары мен материалдық емес активтерінің құны;

8) реттеудің есептік кезеңі - реттеу кезеңі шеңберінде күнтізбелік жылға тең электр энергиясына шекті тарифтер белгіленетін мерзім;

9) реттеу кезеңі - электр энергиясына шекті тарифтер белгіленетін, жеті жылға тең мерзім;

10) уәкілетті орган - электр энергетикасы саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

11) ұлттық бағалау стандарттары - қаржы саласындағы уәкілетті органдар әзірлейтін және бекітетін Қазақстан Республикасының бағалау стандарттары;

12) физикалық тозу - физикалық кернеудің тозуы, бүлінуі және әсерінен туындаған пайдалану салдарынан объектінің құнының азаюы;

13) функционалдық тозу - жаңа технологияларды пайдалану нәтижесінде алынған қазіргі аналогтармен салыстырғанда объектінің өзінің тиімсіздігінен немесе барабар еместігінен туындаған объектінің құнының немесе пайдалылығының төмендеуі;

14) халықаралық бағалау стандарттары - Бағалау стандарттары жөніндегі халықаралық комитет әзірлейтін және бекітетін бағалау стандарттары;

15) электр энергиясына арналған шекті тариф – уәкілетті орган әрбір жеті жыл сайын бекітетін, электр энергиясын өткізетін энергия өндіруші ұйымдардың тобына енгізілген энергия өндіруші ұйым өндіретін электр энергиясы құнының электр энергиясын өндіруге арналған шығындардан және осы Әдістемеге сәйкес айқындалатын пайда нормасынан тұратын ақшалай мәні.

Осы Әдістемеді пайдаланылған өзге де ұғымдар мен анықтамалар "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңға (бұдан әрі – Заң) сәйкес қолданылады.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 11.03.2021 № 76 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз); 23.12.2024 № 483 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

## **2-тарау. Электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін пайда нормасын айқындау**

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 11.03.2021 № 76 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### **1-параграф. Инвестицияланған капиталға кірістілік әдісі (РАВ-реттеу) бойынша электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін пайда нормасын айқындау**

Ескерту. 1-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 11.03.2021 № 76 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. РАВ-реттеу бойынша электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін пайда нормасы (бұдан әрі – РАВ-реттеудің пайда нормасы) электр энергиясына шекті тарифтің құрамдас бөлігі болып табылады және электр энергиясын өткізетін энергия өндіруші ұйымдардың тобы үшін айқындалады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 11.03.2021 № 76 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. РАВ-реттеудің пайда нормасы реттеу кезеңінің әрбір жылына реттеу кезеңі басталғанға дейін мынадай формула бойынша айқындалады:

$ПН=KRAB$ , мұндағы:

ПН - РАВ-реттеудің пайда нормасы, теңге;

KRAB - реттелетін активтер базасына кіріс, теңге.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 11.03.2021 № 76 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Реттелетін активтер базасына кіріс (ДРАВ) электр энергиясын өндіруге тікелей қатысты активтердің қалдық құнын және капитал кірістілігінің орташа өлшемді ставкасын (бұдан әрі - WACC) негізге ала отырып, мынадай формула бойынша айқындалады:

$K_{RAB} = AKK_i * S_A * WACC$ , мұндағы:

$AKK_i$  -  $i$  - жылғы активтердің қалдық құны, теңге;

$S_A$  - электр энергиясын өндіруге тікелей қатысты активтер құнының үлесі. Жылу және электр энергиясын құрамдастырылған өндіру кезінде  $S_A$  жылу және электр энергиясын өндіру кезіндегі отын шығындарының үлесіне сәйкес анықталады, %.

Жылу және электр энергиясын құрамдастырылмаған өндіру кезінде  $S_A$  бірлікке теңестіріледі.

Энергия өндіруші ұйымның құрамында электр энергиясын өндірудің әртүрлі технологиялары бар электр станциялары (жылу және электр энергиясын құрамдастырылған өндіру, су энергиясы есебінен электр энергиясын өндіру) болған жағдайда, активтер құнының үлесі желіге электр энергиясын жіберу көлемі бойынша мөлшерленген әрбір электр станциясы үшін активтер құнының үлестерінің орташа өлшемді шамасы ретінде есептеледі;

WACC - капитал кірістілігінің орташа өлшемді ставкасы, %.

Электр энергиясын өндіруге тікелей қатысты активтер құнының үлесін энергия өндіруші ұйым көрсеткіштерді дербес таңдайды және оларды уәкілетті органмен келіседі. Электр энергиясын өндіруге тікелей қатысты негізгі активтердің үлесін айқындау үшін пайдаланылатын деректерге мынадай талаптар қойылады:

- 1) деректердің дұрыстығы және тексерілуі;
- 2) технологиялық процеске қатысуға байланысты деректерді таңдаудың негізділігі.

7. Реттеу кезеңінің бірінші жылына активтердің қалдық құны (АҚҚ<sub>1</sub>) мынадай формула бойынша айқындалады:

$АҚҚ_1 = АТҚ - ТЗЖИН$ , мұндағы:

АҚҚ<sub>1</sub> – реттеу кезеңінің бірінші жылына активтердің қалдық құны, теңге;

АТҚ – активтердің толық құны, теңге;

ТЗЖИН – жинақталған тозу, теңге.

Активтердің толық құнының шамасы және реттеудің бірінші жылына жинақталған тозу бойынша деректерді "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бағалаушы айқындайды.

Реттеу кезеңінің бірінші жылына активтердің толық және қалдық құнын айқындау кезінде барлық энергия өндіруші ұйымдар үшін бірдей негізгі кіріс параметрлері (құрылыстың үлестік құны, пайдалы пайдалану мерзімдері), бағалау әдіснамасы мен күні қолданылады.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 21.06.2022 № 216 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8. Реттеу кезеңінің кейінгі жылдарына активтердің қалдық құны (АҚҚ<sub>i</sub>) мынадай формула бойынша айқындалады:

$АҚҚ_i = АҚҚ_{i-1} - ТЗ_{i-1}$ , мұндағы:

АҚҚ<sub>i</sub> - i-жылдың басындағы активтердің қалдық құны, теңге;

АҚҚ<sub>i-1</sub> - алдыңғы жылдың басындағы активтердің қалдық құны, теңге;

ТЗ<sub>i-1</sub> - құнсыздануға түзетулерсіз өткен жыл үшін есептелген тозу, теңге.

9. Құнсыздануға түзетулерсіз өткен жыл үшін есептелген тозу ( $TЗ_{i-1}$ ) мынадай формула бойынша айқындалады:

$$TЗ_i = \sum_n \frac{АҚК_{in}}{ППҚМ_n}, \text{ мұндағы:}$$

$n$  - электр энергиясын өндіруге жататын кәсіпорын активтерінің санаты;

$ОСА_{in}$

-  $n$  объектілер санатына жататын активтердің қалдық құны, теңге;

$ППҚМ_n$

- бағалаушының бағалау туралы есебіне сәйкес айқындалатын  $n$  объектілер санатынан активтерді пайдалы пайдаланудың қалдық мерзімінің шамасы, теңге..

Бұл ретте есептелген тозу активтерді енгізу, шығару ескеріле отырып, сондай-ақ кәсіпорынның негізгі құралдарының құнының ұлғаюына немесе азаюына әкеп соғатын активтерді жөндеу жағдайында есептеледі.

10. Энергия өндіруші ұйымның өтінімі бойынша (еркін нысанда) жабдықты іске қосу немесе шығару жағдайында, сондай-ақ кәсіпорын активтерінің ұлғаюына немесе азаюына әкеп соғатын жабдықтарды жөндеу жағдайында реттеудің соңғы жылын қоспағанда, реттеудің есептік кезеңінің қорытындылары бойынша реттеу кезеңінің келесі жылдарына активтердің қалдық құны ( $ОМО_i$ ) мынадай формула бойынша есептеледі:

$$АҚК_i = АҚК_{i-1} + А_{\text{бері-1}} - TЗ_{i-1} - А_{\text{шығі-1}}, \text{ мұндағы:}$$

$АҚК_i$  -  $i$ -жылдың басындағы активтердің қалдық құны, теңге;

$АҚК_{i-1}$  - алдыңғы жылдың басындағы активтердің қалдық құны, теңге;

$А_{\text{бері-1}}$  - өткен жылы пайдалануға берілген активтердің, оның ішінде жүргізілген жөндеу шеңберінде де құны, теңге;

$А_{\text{шығі-1}}$  - өткен жылы пайдаланудан шығарылған активтердің, оның ішінде жүргізілген жөндеу шеңберінде де құны, теңге;

$TЗ_{i-1}$  - құнсыздануға түзетулерсіз өткен жыл үшін есептелген тозу, теңге.

11. Осы Әдістеменің 9-тармағы шеңберінде активтердің қалдық құнын түзетуге арналған өтінімге (еркін нысанда) энергия өндіруші ұйым жабдықты енгізу немесе шығару бойынша, сондай-ақ кәсіпорынның негізгі құралдарының құнын ұлғайтуға немесе азайтуға әкеп соғатын жабдықтарды жөндеу бойынша негіздеуші материалдарды (шот-фактура, активтер құнын пайдалануға беру актісі) қоса береді.

12. RAB-реттеуге енгізілмейтін негізгі активтерге:

1) энергия өндіруші ұйым негіздемеген негізгі құралдарды құруға/сатып алуға жұмсалған шығындар;

2) күрделі құрылыс үшін тартылған нысаналы қарыздар бойынша капиталдандырылатын проценттерден басқа, қарыздық қаржыландыруды тартуға байланысты төлемдердің кез келген түрлері;

3) өтеусіз, оның ішінде Қазақстан Республикасының республикалық немесе жергілікті бюджетінен алынған объектілер;

4) егер объект бірлесіп қаржыландырылғанда, тең инвесторлар шеккен шығындар;

5) меншік құқығы ресімделмеген, компанияның иелігіндегі негізгі құралдар объектілері;

6) аяқталмаған құрылыс объектілері, сондай-ақ қондырғыға жабдықтар;

7) жалдау және қаржы лизингіндегі объектілер, сондай-ақ жалдау және лизингтік төлемдер;

8) айналым капиталы;

9) электр энергиясын өндіру жөніндегі қызметке қатысты активтерге жататын бағдарламалық қамтылымды қоспағанда, материалдық емес активтер;

10) Қазақстан Республикасының республикалық немесе жергілікті бюджетінің қаражаты есебінен өткізілген объектілер.

11) аукциондық сауда-саттық шеңберінде іске асырылған генерацияның маневрлік режимі бар генерациялайтын қондырғылар жатады.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 21.06.2022 № 216 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

13. Әрбір реттеу кезеңінің басында реттелетін активтер базасының құнын бағалауды "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бағалаушы жүргізеді.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 21.06.2022 № 216 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

14. Реттеу кезеңінде электр энергиясын өткізетін энергия өндіруші ұйымдардың барлық топтары үшін капитал кірістілігінің бірдей орташа өлшемді ставкасы (WACC) қолданылады.

Капитал кірістілігінің орташа өлшемді ставкасы (WACC) реттеудің бүкіл кезеңі ішінде тіркелген болуы тиіс.

15. Капитал кірістілігінің орташа өлшемді (WACC) ставкасы капиталдың орташа өлшемді құнын есептеу формуласы бойынша айқындалады:

$$WACC = R_E * \frac{E}{(D + E)} + R_D * (1 - T) * \frac{D}{(D + E)}, \text{ мұндағы:}$$

WACC - капитал кірістілігінің орташа өлшемді ставкасы, %;

$R_E$  - меншікті капиталдың құны, теңге;

$R_D$  - қарыздық капиталды тарту құны, теңге;

$E/(D+E)$  - жиынтық салынған капиталдағы меншікті капиталдың шамасы, теңге;

$D/(D+E)$  - жиынтық салынған капиталдағы қарыздық капиталдың (борыштың) шамасы, теңге;

$T$  - корпоративтік табыс салығының ставкасы, %.

Меншікті капиталдың құны қарыздық капиталды тарту құнынан кем емес шама болып табылады.

16. Меншікті капиталдың құны ( $R_E$ ) күрделі активтерді бағалаудың модификацияланған моделі негізінде мынадай формула бойынша айқындалады:

$$R_E = R_f + \beta_L * ERP + SP + CP + FXRP, \text{ мұндағы:}$$

$R_E$  - меншікті капиталдың құны, теңге;

$R_f$  - номиналды тәуекелсіз ставка, %;

$\beta_L$  - акционерлік капиталдың бета салалық коэффициенті (капитал құрылымын ескере отырып, levered beta);

ERP - акцияларға салымдар тәуекелі үшін күтілетін сыйлықақы, %;

SP - мөлшері үшін сыйлықақы, %;

CP - елдік тәуекел үшін сыйлықақы, % (таңдалған  $R_f$  байланысты қолданылады);

FXRP - валюталық тәуекел үшін сыйлықақы, %.

17. Номиналды тәуекелсіз ставка Америка Құрама Штаттары (бұдан әрі - АҚШ) Федералдық резервтік жүйесінің ресми сайтында орналастырылған деректерге сәйкес реттеудің есептік кезеңінің басында АҚШ-тың 20 жылдық мемлекеттік қазынашылық облигацияларын өтеуге кірістілік ретінде айқындалады.

18. Капитал құрылымын ( $\beta_L$ ) ескере отырып, акционерлік капиталдың бета салалық коэффициенті мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\beta_L = \beta_U * (1 + (1 - T) * \frac{D}{E}), \text{ мұндағы:}$$

$\beta_L$  - акционерлік капиталдың бета коэффициенті (капитал құрылымын ескере отырып, levered beta);

$\beta_U$  - акционерлік капиталдың бета коэффициенті (капитал құрылымын ескермегенде, unlevered beta);

D/E - меншікті капитал шамасындағы қарыздық капиталдың (борыштың) шамасы;

T - корпоративтік табыс салығының ставкасы, %.

19. Капитал құрылымын есепке алмағанда акционерлік капиталдың бета салалық коэффициенті реттеу кезеңінің алдындағы жылдағы АҚШ энергетикалық секторы бойынша А. Дамодаранның орташа салалық бета бойынша деректері негізінде айқындалады.

20. Жиынтық салынған капиталдағы қарыздық капиталдың (борыштың) шамасы (D/(D + E)) реттеу кезеңінің алдындағы жылғы АҚШ энергетикалық секторы бойынша А. Дамодаранның деректері негізінде орташа салалық көрсеткіш ретінде айқындалады.

21. Жиынтық салынған капиталдағы меншікті капиталдың шамасы (E/(D + E)) мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\frac{E}{(D + E)} = 1 - \frac{D}{(D + E)}, \text{ мұндағы:}$$

E/(D+E) - жиынтық салынған капиталдағы меншікті капиталдың шамасы;

D/(D+E) - жиынтық салынған капиталдағы қарыздық капиталдың (борыштың) шамасы.

22. Меншікті капитал шамасындағы (D/E) қарыздық капиталдың (борыштың) шамасы мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\frac{D}{E} = \frac{1}{1 - \frac{D}{(D + E)}} - 1, \text{ мұндағы:}$$

D/E - меншікті капитал шамасындағы қарыздық капиталдың (борыштың) шамасы;

D/(D+E) - жиынтық салынған капиталдағы қарыздық капиталдың (борыштың) шамасы.

23. Акцияға салым салу тәуекелі үшін күтілетін сыйлықақы 5% деңгейінде қабылданды.

24. Мөлшері үшін сыйлықақы микро-капиталдандыруы бар компаниялар үшін зерттеулердің деректері негізінде айқындалады. Капиталдың орташа өлшемді құнын

есептеу үшін осы параметрді қайта қарау реттеудің есептік кезеңінің басында ғана жүргізіледі.

25. Елдік тәуекел үшін сыйлықақы реттеу кезеңінің алдындағы жыл ішіндегі Қазақстан Республикасы үшін А. Дамодаранның елдік тәуекелі бойынша деректер негізінде айқындалады.

Капиталдың орташа өлшемді құнын есептеу үшін осы параметрді қайта қарау реттеудің есептік кезеңінің басында ғана жүргізіледі.

26. Валюталық тәуекел үшін сыйлықақы Қазақстан Республикасындағы ұзақ мерзімді инфляция мен реттеудің есептік кезеңінің басындағы Халықаралық валюта қорының деректері негізінде АҚШ-тағы ұзақ мерзімді инфляция арасындағы айырма ретінде айқындалады.

27. Қарыздық капиталды тарту құны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша Қазақстан Республикасындағы қаржылық емес ұйымдарға банктер берген ұзақ мерзімді кредиттер бойынша орташа нақты ставка ретінде айқындалады.

28. Корпоративтік табыс салығының ставкасы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес нақтылы мәнде айқындалады.

29. Капитал кірістілігінің (WACC) орташа өлшемді ставкасының шамасын есептеу осы Әдістемеге қосымшада келтірілген және 11,79% мөлшеріндегі осы шама RAB-реттеудің пайда нормасын айқындаудың есеп айырысуында пайдаланылатын капитал (WACC) кірістілігінің орташа өлшемді ставкасының шамасы ретінде қолданылады.

**Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 11.03.2021 № 76 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

30. Электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін пайда нормасының деңгейі капиталдың орташа өлшемді кірістілігінің салық ставкасынан кейінгі номиналды негізінде айқындалатын шығындар базасы мен жалпы рентабельділік негізінде есептеледі.

**Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 11.03.2021 № 76 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**2-параграф. Өтпелі кезеңге арналған электр энергиясының шекті тарифтерін бекіту кезінде ескерілетін тіркелген пайданы айқындау**

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**2-параграф 2021 жылға дейін қолданыста болды – осы бұйрықтың 5-тармағын қараңыз.**

### 3-тарау. Теңгерімдеуші электр энергиясына шекті тарифтерді айқындау кезінде ескерілетін теңгерімдеу үшін үстемеақыны айқындау

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 30.06.2023 № 248 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. Теңгерімдеуші электр энергиясына шекті тарифтерді айқындау кезінде ескерілетін теңгерімдеу үшін үстемеақы теңгерімдеуші электр энергиясына шекті тарифтің құрамдас бөлігі болып табылады.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87-н/қ (01.04.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. Теңгерімдеу үшін үстемеақы нөлге теңестіріледі.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87-н/қ (01.04.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Электр энергиясын өткізетін энергия өндіруші ұйымдардың топтарына енгізілген энергия өндіруші ұйымдар арасында электр энергиясын өндіруге арналған ең жоғары шығындарды уәкілетті орган энергия өндіруші ұйымдар және (немесе) уәкілетті органның сұрау салуы бойынша ұсынған электр энергиясын өндіруге арналған нақты және болжамды деректер негізінде айқындайды.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 30.06.2023 № 248 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Электр энергиясына арналған шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін пайда нормасын айқындау әдістемесіне қосымша

Ескерту. Қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 30.06.2023 № 248 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### Капитал кірістілігінің орташа өлшемді ставкасының шамасын есептеу (WACC)

№	WACC компоненттері	Әдіснама көрсеткіштері	Шамалар
1	Ставканың түрі	Реттеу кезеңі ішінде тіркелген WACC номиналды салықтан кейінгі ставкасын есептеу ұсынылады	-
2	Капитал құрылымы	А. Дамодаран деректері негізінде капиталдың орташа салалық құрылымын пайдалану (борыш/акционерлік капитал)	72,51%

3	Акционерлік капиталдың құны	Елдік және валюталық тәуекел үшін сыйлықақыны ескере отырып, CAPM моделі негізінде айқындалады	12,37%
3-1.	Тәуекелсіз ставка (Rf)	Тәуекелсіз ставка ретінде Америка Құрама Штаттарының 20 жылдық мемлекеттік қазынашылық облигацияларын өтеуге кірістілік қолданылады	2,16%
3-2.	Акцияға салым тәуекелі үшін сыйлықақы (ERP)	Өртүрлі көздерден алынған зерттеулер деректері негізінде 5,0% мөлшерінде қабылданады	5,00%
3-3.	Бета коэффициенті (b)	Акционерлік капитал бетасы мынадай формула бойынша есептеледі: активтер бетасы * (1 + ((1 - пайдаға салық ставкасы) × (борыш/капиталдың нарықтық құны))). Активтер бетасы А. Дамодаранның деректері негізінде анықталады	0,59
3-4.	Елдік тәуекел үшін сыйлықақы	Елдік тәуекел үшін сыйлықақы ретінде А. Дамодаранның деректері пайдаланылады	2,17%
3-5.	Мөлшері үшін сыйлықақы	Duff&Phelps Valuation Handbook Industry cost of Capital зерттеулерінің деректері негізінде микро-капиталдандыруы бар компаниялар үшін 3,39% мөлшерінде қабылданады	3,39%
3-6.	Валюталық тәуекел үшін сыйлықақы	Америка Құрама Штаттары және Қазақстан Республикасының ұзақмерзімді инфляция айырмасының негізінде есептеледі	1,70%
4	Қарыз капиталының құны	Банктер Қазақстан Республикасындағы қаржылық емес ұйымдарға берген ұзақ мерзімді кредиттер бойынша орташа нақты ставканы пайдалану	11,00%

		ұсынылады (Қазақстан Ұлттық Банкінің деректері бойынша)	
5	Пайдаға салынатын салық ставкасы	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пайдаға салынатын салықтың номиналды ставкасын пайдалану ұсынылады	20,00%
	Капиталдың орташа өлшемді құны (WACC)		11,79%

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК